



"Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 849 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 наурызда № 4900 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 405 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 28.03.2016 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса берілген "Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

"Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы "17" ақпандағы №849
қаулысымен бекітілген

"Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) Қызылорда облысында мәдениет және өнер саласында (ларында), сонымен қатар, мұрағат ісі және құжаттама

жасау қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын "Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, мұрағат ісінде және құжат жасау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) қазақ ұлттық және дүниежүзілік мәдениет байлықтарын, Қазақстан Республикасындағы басқа ұлттардың мәдениетін игеру, дамыту, халыққа эстетикалық және адамгершілік тәрбие беру;

2) мәдениет және өнер саласында әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын белгілеу және оларды нарықтық экономикасына сәйкес іске асыру әдісінің шаруашылық механизмін жетілдіру, көркем өнерді дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру;

3) облысаралық мәдени байланыстарды дамыту, өнер мен мәдениет саласындағы қол жеткен табыстармен алмасу, облысты мекендейтін барлық ұлттардың мәдени дамуына тиімді шаралар қолдану және оларды дамытуға көмектесу, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қазақ мәдени орталықтарымен байланыс жасау;

4) мұрағат ісін мемлекеттік реттеу;

5) мұрағат ісін мемлекеттік басқару;

6) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметтерін үйлестіру;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді атқарады.

16. Функциялары:

1) мәдениет саласындағы, мұрағат ісі мен құжат жасауда мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) театр, музыка және кино өнері, мәдени-демалыс қызметі, кітапхана және мұражай ісі саласында облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

3) театр, музыка және кино өнерін, мәдени-демалыс қызметін және халық шығармашылығын, кітапхана және мұражай ісін дамыту жөнінде облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдайды және үйлестіреді, облыс мекемелерінің мәдениет саласындағы қызметін қамтамасыз етеді;

4) шығармашылық қызметтің түрлі салаларында облыстық (өңірлік) байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуді ұйымдастырады;

5) уәкілетті органмен келісім бойынша шығармашылық қызметтің түрлі салаларында республикалық конкурстар мен фестивальдер өткізуді

ұйымдастырады ;

6) облыстың тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау, консервациялау, реставрациялау және пайдалану, сондай-ақ, елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады ;

7) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясын құру және ол туралы ережені бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді ;

8) тиісті аумақта орналасқан мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторингті жүзеге асырады және уәкілетті органға ақпарат, сондай-ақ, белгіленген нысанда статистикалық есептер береді ;

9) облыстық деңгейде сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады ;

10) облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді ;

11) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады ;

12) облыстың мәдени мақсаттағы объектілерінің құрылысы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырысшы болады ;

13) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен салттардың дамуына ықпал жасайды ;

14) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік береді ;

15) облыстың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін беру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді ;

16) талантты жастарды және перспективалы шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады ;

17) мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады ;

18) ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

19) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, пайдалануды және тарих және мәдениет ескерткіштерін ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді ;

20) тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, қорғауды және оларға ғылыми-реставрациялау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздейді ;

21) мемлекет меншігі болып табылатын, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешеді ;

22) уәкілетті органмен келісе отырып, қалаларды және басқа да елді

мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларды жасауды қамтамасыз етеді;

23) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін ресімдейді және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;

24) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарын бұзған жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;

25) облыстың жергілікті өкілді органына тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде комиссиялар құру туралы ұсыныстар енгізеді;

26) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;

27) тарих және мәдениет ескерткіштері мен оларды қорғау аймақтары бойынша жұмыстардың барлық түрлеріне ғылыми-жобалық құжаттаманы, жоспарлау, салу және қайта жөндеу жобаларын қарайды және келіседі;

28) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарих және мәдениет ескерткіштерімен байланысты қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалануды жүзеге асырады;

29) тиісті аумақтарда жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылу және күтіп-ұстау тәртібін, сондай-ақ, оларға археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

30) тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелеріне және пайдаланушыларына олардың "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны туралы нұсқамалар береді;

31) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал етудің өзгешелік шараларын қолданады;

32) тарихи-мәдени мұра объектілерін жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп таниды және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының негізінде жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қосады;

33) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айырады және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының және "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының бесінші бөлігі талаптарының негізінде жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып

т а с т а й д ы ;

34) облыстың мемлекеттік мұрағаттарының сақтауына қабылданған Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтауды, толықтыруды және пайдалануды ұйымдастыру ;

35) облыстың мемлекеттік мұрағаттарында сақталатын Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүргізу және олардың сақталуын қамтамасыз ету ;

36) коммуналдық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғау, оларды сақтау мен пайдалану ;

37) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді ұйымдастыру ;

38) облыстың мемлекеттік мұрағаттарында сақталатын Ұлттық мұрағат қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастыру ;

39) облыстың аумағында орналасқан, Ұлттық мұрағат қорын толықтыру көздері болып табылатын ұйымдарда іс жүргізудің жай-күйіне, құжаттардың сақталуына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау және бақылау жасау ;

40) жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын орындауды ұйымдастыру ;

41) сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережені бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу ;

42) Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдалану ;

43) облыстың тарихы бойынша мұрағат құжаттарын жинау және қайтару ;

44) Ұлттық мұрағат қорының толықтыру көздері болып табылатын, облыс аумағында орналасқан ұйымдардың құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың қағидаларын келісу ;

45) Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру және толықтыру көздері болып табылатын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың құжаттарын жоюға келісу ;

46) Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру және толықтыру көздері болып табылатын жеке меншіктегі ұйымдардың құжаттарын мұрағаттың орналасқан жеріне қарай жоюға келісу ;

47) Басқарма жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру ;

48) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану ;

49) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету ;

50) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асыру ;

51) жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарайды,

олардың орындалуын бақылайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар береді;

52) тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мен күтіп ұстау ережесін облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

53) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамамен бекітілген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

;

2) Басқарма:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге; қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманы білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз е т е д і ;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) б ұ й р ы қ т а р ғ а қ о л қ о я д ы ;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) ш а р т т а р ж а с а с а д ы ;

9) с е н і м х а т т а р б е р е д і ;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

11) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

13) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау к е с т е с і н б е к і т е д і ;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Басқарманың жұмыс тәртібі:

1) Басқарма дүйсенбі және жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс і с т е й д і ;

2) Басқарманың жұмыс уақыты: жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-де басталып, сағат 19.00-де аяқталады. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

24. Басқарма мен облыс әкімдігі арасындағы, Басқарманың әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы

4. Басқарманың мүлкі

25. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

28. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.